

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 24 қараша N 2656. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.10.18. N 3144 жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы қоса берілп отырған Ереже бекітілсін.
2. "Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2121 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің 1995 жылғы
24 қарашадағы N 2656
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, республиканың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Президент Әкімшілігі қызметкерлерінің мәртебесін, екілеттігін және Қазақстан Республикасында президенттік басқару нысаны қызмет етуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын ұйымдастыруды анықтайды.

І ТАРАУ

Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасы Президенті

Әкімшілігінің мәртебесі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (бұдан байлай - Президент Әкімшілігі):

1) республика Президенті құратын, қайта құратын және тарататын, әрі оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, әрі қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі бар заңды тұлға болып табылады.

2. Президент Әкімшілігіндегі қызмет - құрметті қызмет.

2-бап. Президент Әкімшілігінің негізгі міндеттері

Президент Әкімшілігінің негізгі міндеттері мыналар:

1) Президенттің, Республика Мемлекеттік хатшысының, Республика Президенті жаңындағы консультативтік кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;

2) республика Президентін елдегі және шетелдердегі істің жайы туралы уақытылы әрі толық хабардар ету;

3) республика Президентінің шешімдерін сөзсіз, тыңғылықты және уақытылы орындау;

4) республика Президенті актілерінің орындалуы мен сақталуына, оның тапсырмаларының орындалуына бақылау жасау.

3-бап. Республика Мемлекеттік хатшысының Президент

Әкімшілігімен қарым-қатынасы

Республика Мемлекеттік хатшысының Президент Әкімшілігіне қатысты өкілеттігі және олардың арасындағы өзара қатынастар Мемлекеттік хатшының мәртебесі мен өкілеттіктерін Мемлекет Басшысы анықтаған кезде белгіленеді.

4-бап. Президент Әкімшілігі қызметінің

үзіліссіздігі

Президент Әкімшілігінің қызметі үзіліссіз жүзеге асырылады.

5-бап. Президент Әкімшілігі қызметінің

құқықтық негізі

Президенттің Әкімшілігі мен оның қызметкерлері қызметінің құқықтық негізін Республика Конституциясы, зандары және Президенттің актілері, сондай-ақ Ереже құрайды.

II ТАРАУ

Президент Әкімшілігінің өкілеттіктері

6-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары бойынша өкілеттіктері

1. Президенттің Әкімшілігі:

1) Мемлекет басшысының халық пен мемлекеттік биліктің бірлігін, Конституцияның мызғымастығын, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету мен бұларға кепілдік беру, мемлекеттік егемендікті, конституциялық құрылышты қорғау мен нығайту, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі саясатын іске асыруға;

2) қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықтың, бүкіл Қазақстан халқының игілігі жолындағы экономикалық дамудың, Қазақстан патриотизмінің, мемлекет түрмисінің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешудің конституциялық принциптерін жүзеге асыруға;

3) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиясын, оны іске асыру жөніндегі шаралардың кешенін жасауға, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырудың тетіктері мен тактикасын жетілдіруге қатысады.

2. Президент Әкімшілігі Республика Президентінің қарауына:

1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары бойынша;

2) прогресс пен рухани түлеу негізінде қоғамды топтастыру, Қазақстан қоғамының демократиялық менталитетін орнықтыру, Қазақстанда жалпыға бірдей халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және мемлекеттің мұдделеріне жауап беретін саяси жүйе құру;

3) мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді қызметін қамтамасыз ету;

4) өкімет органдарының Қазақстан халқының алдындағы Конституцияда және зандарда белгіленген жауапкершілігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізеді.

7-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының
сыртқы саяси қызметін қамтамасыз ету жөніндегі
өкілеттіктері

Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметін қамтамасыз ете келіп,
Президенттің Әкімшілігі:

- 1) Мемлекет басшысы белгілейтін Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясын әзірлеуге, елдің ұлттық мұддесін ескере келіп, оның әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтауға және Республика Президентінің халықаралық бастамаларын іске асыруға қатысады;
- 2) сыртқы экономикалық мәселелер бойынша, оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық, Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық қеңістікке кірігуі мәселелері жөнінен ұсыныстар әзірлейді;
- 3) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау мониторингіне қатысады;
- 4) Республика Президентінің айрықша сыртқы саяси құқықтарын хаттамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

8-бап. Президент Әкімшілігінің ұйымдастыру - бақылау

өкілеттіктері және оның аймақтық саясат пен

Мемлекет Басшысының әкімдерімен және мәслихаттармен
қарым-қатынасын қамтамасыз ету саласындағы
өкілеттіктері

1. Президенттің Әкімшілігі:

1) зандарды, актілерді және Республика Президентінің тапсырмаларын, барлық мемлекеттік органдар мен мемлекет лауазымды адамдарының сөзсіз әрі тыңғышты орындауына;

2) Үкіметтің, орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың, облыстар, респубикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдерінің, мемлекеттің өзге де лауазымды адамдарының актілерінің Конституцияға, зандарға, Республика Президентінің актілеріне сәйкестігіне бақылауды жүзеге асырады;

2. Осы аталған бақылауды жүзеге асыру үшін Президент Әкімшілігі:

1) тұрақты негізде тиісті тексерістер жүргізеді;
2) қажет болған жағдайда тиісті лауазымды адамдардың ауызша түсініктерін тындалап, жазбаша түсінік берулерін талап етеді;

3) анықталған жөнсіздіктердің, зандарды, Республика Президентінің актілерін орындаудың, сақтамаудың және оның тапсырмаларын орындаудың себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қолданады.

3. Президенттің Әкімшілігі жүргізген тексерістердің нәтижелері және солар

бойынша жасалған қорытындылар Республика Президентіне үнемі баяндалып тұрады.

4. Президенттің Әкімшілігі:

1) Республика Президентінің қызметін, соның ішінде Мемлекет басшысы қатысатын іс-шараларды өткізуді ұйымдашық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) Президенттің құзет қызметімен бірлесіп, Мемлекет басшысының Ақмола мемлекеттің олардың орталық мемлекеттік органдармен, көрші мемлекеттердің шекаралас аймақтарымен өзара іс-қимылы жөнінде болжамдар жасау мен ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады.

5. Президенттің Әкімшілігі аймақтық саясат және Мемлекет басшысының әкімдермен және мәслихаттармен қарым-қатынасын қолдау саласында:

1) Республика Президенті үшін мемлекеттің аймақтық саясатының стратегиясы, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың сындарлы өзара іс-қимылы, олардың орталық мемлекеттік органдармен, көрші мемлекеттердің шекаралас аймақтарымен өзара іс-қимылы жөнінде болжамдар жасау мен ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады;

2) Мемлекет басшысының әкімдермен және мәслихаттармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3) Мемлекет басшысына облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдері актілерінің қүшін жою не олардың қүшін толық немесе ішінara тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізеді.

9-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының
кадр саясатын қамтамасыз ету және мемлекеттік
қызмет саласындағы өкілеттіктері

Республика Президентінің кадр саясаты мен мемлекеттік қызмет саласындағы бағытын жүргізу ділі қамтамасыз ете келіп, Президенттің Әкімшілігі:

1) кадр саясаты мен мемлекеттік қызметтің жай-қуйіне, Президент Әкімшілігі қызметкерлерінің кәсіптік даярлық деңгейіне талдау жасайды;

2) Мемлекет басшысының қарауына Республикадағы мемлекеттік қызмет жайындағы заңдар мен оның жүйесін жетілдіру, кадрларды іріктеу мен орналастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Мемлекет басшысының қарауына жататын мемлекеттік органдардың басшыларын қызметке тағайындау үшін, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің қызметтерге тағайындау кадрлар резервін жасақтайды;

4) қызметке тағайындаған және қызметтен босатқан реттерде, Мемлекет басшысы тағайындастырын және онымен келісілетін лауазымды адамдардың мемлекеттік қызметті өткеруіне қатысты өзге де мәселелерді шешкен кезде материалдарды ресімдейді, олардың жеке істерін жүргізеді, қызмет тізімдеріне

қажетті жазулар енгізеді;

5) мемлекеттік қызмет кадрларын қайта даярлауды (мамандығын өзгертуді) және біліктілігін көтеруді ұйымдастырады;

6) Президент Әкімшілігі қызметкерлерін аттестациялауды ұйымдастырып, еткізеді.

10-бап. Президент Әкімшілігін құқықтық саясат және

Мемлекет басшысының пәрмендік шығармашылық
қызметін қамтамасыз ету саласында өкілеттіктері

Президенттің Әкімшілігі құқықтық саясат және мемлекет басшысының пәрмендік шығармашылық қызметін қамтамасыз ету саласында:

1) Республика Президентіне мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі бағыттары, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық қорғаудың тиімді мемлекеттік тетігін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) елде құқықтық реформаның, заңдылық пен құқық тәртібінің кешенді әрі серпінді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, республика Президентінің пәрмендік шығармашылық қызметінің тетігін жетілдіру жөнінде шаралар қолданады;

3) Мемлекет басшысының қарауына енгізілетін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына құқықтық сараптаманы, заңгерлік техника талаптарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, заңдардың, Республика Президенті актілерінің жобаларын әзірлеуді жүзеге асырады;

4) Республика Президентінің қарауына Парламенттің заң шығарушылық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа мемлекеттік органдардың заңдарда белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді оның жарлықтарымен құқықтық реттеу туралы ұсыныстар енгізеді.

11-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының

қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз
ету жөніндегі өкілеттіктері

Мемлекет басшысының ақпараттық-талдамалық қызметін қамтамасыз ете келіп, Президенттің Әкімшілігі:

1) ішкі және сыртқы саяси ахуалға, мемлекеттік органдар мен мемлекеттің лауазымды адамдарының жұмысына талдау жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді, соның негізінде әлеуметтік саяси ахуалдың дамуына болжам жасайды, Республика Президентінің шешуіне жататын немесе оның тікелей басшылығымен шешілуге тиіс мемлекеттік мәнді проблемаларды анықтайды;

2) Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелеріндегі атқарушылық

тәртіптің жәй-күйіне талдау жасайды;

3) ақпарат іздестіріп, өндеуді жүзеге асырады және республика Президентінің ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша ақпараттық талдау материалдарымен қамтамасыз етеді;

4) Республика Президенті жүргізіп отырған ішкі және сыртқы

саясатқа түсінік жұмысын жүргізеді;

5) Республика Президенті қызметінің бұқаралық ақпарат куралдарында жария етілуін, Мемлекет басшысының олармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

6) баспа қызметін жүзеге асырады.

12-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет

басшысының қызметін құжаттамалық

қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

Мемлекет басшысының қызметін құжаттамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыра отырып, Президенттің Әкімшілігі:

- 1) Президент Әкімшілігінде іс жүргізуді ұйымдастырады;
- 2) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарайды;
- 3) азаматтарды қабылдауды ұйымдастырады;
- 4) құжаттар ағымына, соның ішінде Мемлекет басшысының атына келіп түскен хат-хабарға талдау жасайды;

5) қазақ және орыс тілдерін тиісінше қолдануға, іс жүргізу ережелерін сактауға және оларды жетілдіруге, Президент Әкімшілігіндегі жұмыс стилі мен әдістерін жақсартуға бағытталған шараларды қолданады;

6) Мемлекет басшысының актілерін занға сәйкес жариялауды, Республика Президентінің актілерін, Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құжаттарын редакциялауды, тиісінше ресімдеуді және тиісті мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдар мен ұйымдарға таратуды қамтамасыз етеді;

7) Республика Президенті шығарған актілерді тіркеуді, соның ішінде нөмірлеуді жүргізеді, құжаттардың архивтік құндылығына сараптама жасайды, осы актілер мен оларға қосымша материалдардың түпнұсқаларын тиісінше сактауды қамтамасыз етеді;

8) Президент әкімшілігі қызметкерлерінің іс жүргізу мәселелері жөнінде

окуын ұйымдастырады, орталық және жергілікті атқарушы органдарға құжаттану ісінде әдістемелік көмек көрсетеді;

9) Мемлекет басшысының елтаңбалы мөрлерінің және Президент Әкімшілігі мөрлерінің тиісінше қолданылуы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

13-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының
қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз
ету жөніндегі өкілеттігі

Президент Әкімшілігі Президенттің Іс Басқармасының қарауына жатқызылмаған мәселелер жөнінде Мемлекет басшысының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

14-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының
Республика Парламентімен қарым-қатынасын
қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

Мемлекет басшысының Парламентпен өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ете отырып, Президенттің Әкімшілігі:

1) Республика Президентінің Парламент Сенатымен және Мәжілісімен байланыс жасауын, Мемлекет басшысын Парламенттегі заң шығару процесінің жай-күйі мен ол қараған мәселелер туралы ұдайы хабардар етіп отыруды, Республика Президентінің заң жобалары жөніндегі айқындашын түсіндіруді жүзеге асырады;

2) Республика Президенті үшін Парламент сессиясын ашу үстінде ол жария ететін ақпаратты әзірлейді;

3) Республика Президентіне заң жобаларының Парламентте қаралуының басымдығын белгілеу жөнінде және Парламентке заң жобасын қарауды шұғыл деп жариялау туралы ұсыныстар енгізу жөнінде; Парламент сессияларының аралығындағы кезеңде Палаталардың кезектен тыс отырысын шақыру туралы; Мемлекет басшысының Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарына немесе Парламенттің тиісті Палатасының отырыстарына қатысуының қажеттігі туралы ұсыныстар енгізеді;

4) Республика Президентіне Мемлекет басшысына Парламент Сенаты қол қоюға ұсынған заңдар туралы қорытындылар береді;

5) Республика Президенті қол қойған заңдардың жария етілуін немесе Мемлекет басшысының шешімі бойынша заңдардың немесе олардың кейбір баптарының Парламентке қайталап талқылау және дауысқа салу үшін қайтарылуын қамтамасыз етеді;

6) Республика Президентінен Парламенттің қаралуына Конституцияға езгертулер мен толықтырулар енгізу туралы жобаның берілуін қамтамасыз етеді.

15-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының Республика Үкіметімен қарым-қатынасын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

1. Президенттің Әкімшілігі Мемлекет басшысының Үкіметпен қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ете отырып, Республика Президентіне:

- 1) соларға сәйкес Үкіметке Конституциямен және Республика

зандарымен белгіленгеннен басқа атқарушылық функцияларын жүзеге асыру жүктелетін актілер шыгару;

- 2) Үкіметке заң тапсырмаларын беру қажеттігі;
 - 3) Үкімет актілерінің күшін толық немесе ішінара жою не тоқтата тұру;
 - 4) ерекше маңызды мәселелер жөніндегі Үкімет отырыстарында оның төрағалық етуі;
 - 5) Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құру, тарату және қайта құру туралы ұсыныстарды енгізеді.
2. Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен ерекше маңызды мәселелер жөніндегі Үкімет отырыстарында талданып жасалған Үкімет шешімдерінің жобалары Президент Әкімшілігімен келіслуге тиіс.

16-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының Республика Конституациялық Кеңесімен қарым-қатынасын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі

1. Президенттің Әкімшілігі Мемлекет басшысының Конституациялық Кеңеспен байланыс жасауын қамтамасыз етеді.

2. Президенттің Әкімшілігі:

- 1) Мемлекет басшысының Конституцияның 72-бабында көзделген жағдайларда Конституациялық Кеңеске жүгінуінің;
- 2) Мемлекет басшысының Конституациялық Кеңестің шешіміне толық немесе оның бір бөлігіне қарсылығының мәтінін даярлауды жүзеге асырады.

17-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының өзіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдармен, Республика Президенті жанындағы мекемелермен және ұйымдармен

қарым-қатынасын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі
Президенттің Әкімшілігі:

- 1) Мемлекет басшысына оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды, Республика Президенті жанындағы мекемелер мен үйымдарды құру, тарату және қайта құру туралы ұсыныстарды енгізеді;
- 2) Мемлекет басшысына тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы мен қызметтің үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- 3) Мемлекет басшысы жанындағы мекемелер мен үйымдардың қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асырады.

18-бап. Президент Әкімшілігінің Мемлекет басшысының
басқа да өкілеттіктерін іске асыруын қамтамасыз
ету жөніндегі өкілеттігі

1. Президенттің Әкімшілігі:

- 1) Мемлекет басшысының елдегі жағдай мен Республика ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауын әзірлеуді;
- 2) Республика Президентінің азаматтық, саяси баспана беру мәселелерін шешуін;
- 3) Республика Президентінің Республиканың Мемлекеттік наградаларымен наградтау және құрметті, жоғары әскери және басқа атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын беру жөніндегі өкілеттіктерін іске асыруын;
- 4) Республика Президентінің азаматтарға кешірім жасау функциясын жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

2. Президенттің Әкімшілігі:

- 1) Республика Президенті бекітетін мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;
- 2) Республика Президентіне мемлекеттік органдардың құрылымын жетілдіру және қызметтің үйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

19-бап. Президент Әкімшілігінің барлық қажетті ақпаратты,
құжаттар мен материалдарды сұратып алу құқығы

1. Президент Әкімшілігінің осы Ережеде көзделген өкілеттіктерін іске асыру үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан барлық қажетті ақпаратқа, құжаттар мен өзге де материалдарға сұрау салуға және алуға құқығы бар.

2. Барлық қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге материалдарға сұрау салу және алу құқығы Президент Әкімшілігінің Басшысында, оның орынбасарларында, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларында, Мемлекет басшысының көмекшілерінде, кеңесшілерінде болады.

3. Президент Әкімшілігінің қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге материалдарды табыс ету жөніндегі үйғарымдары мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар үшін міндетті және үйғарымдарды алған күннен бастап жеті күн мерзімде, егер Президент Әкімшілігі басқа мерзім белгілемесе, орындалуға тиіс.

20-бап. Президент Әкімшілігінің мемлекеттік органдар

мен лауазымды адамдарға тапсырмалар беру құқығы

1. Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету, елдегі істің жағдайы туралы оны уақытылы және толық хабардар ету, Республика Президентінің шешімдерінің сөзсіз және тыңғылықты орындалуы және олардың орындалуын бақылау мақсатында Президенттің Әкімшілігі:

- 1) Үкімет аппаратына;
- 2) министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және басқа да орталық атқарушы органдарға;
- 3) облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының әкімдеріне;
- 4) Жоғары Сотқа, Бас Прокуратураға, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитетіне-тиісінше сот төрелігіне жүргізуге, қылмыстық қудалау, анықтау, алдын ала тергеу функциялары мен жедел іздестіру қызметін жүзеге асыруға байланысты емес мәселелер жөнінде;
- 5) Ұлттық Банкке;
- 6) Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп

комитетіне;

7) Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық агенттікке;

8) Республика Президенті жанындағы мекемелер мен ұйымдарға тапсырмалар беруге хақылы.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған құқық Президент Әкімшілігінің басшысында, оның орынбасарларында, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларында, Мемлекет басшысының көмекшілерінде, кеңесшілерінде болады.

3. Егер Президент Әкімшілігі басқа мерзім белгілемесе, тапсырмаларға жауап олар берілген күннен бастап жеті күн мерзімде беріледі.

ІІІ ТАРАУ

Президент Әкімшілігінің құрылымы
21-бап. Президент Әкімшілігінің құрылымы

1. Әкімшіліктің құрылымын Әкімшілік Басшысы, оның орынбасарлары, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Президент Әкімшілігінің өзге лауазымды адамдары, оның құрылымдық бөлімшелері мен Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың хатшылықтары құрайды.

2. Президент Әкімшілігінің құрылымы мен штат санын Республика Президенті белгілейді.

22-бап. Президент Әкімшілігінің Басшысы

1. Президенттің Әкімшілігін Республика Президенті қызметке тағайындал, қызметтен босататын және оны тіkelей басшылығымен жұмыс істейтін Президент Әкімшілігінің Басшысы басқарады.

2. Президент Әкімшілігінің Басшысы:

1) Мемлекет басшысының бекітуіне Президенттің Әкімшілігі туралы Ережені енгізеді, онымен келісе отырып Президент Әкімшілігінің құрылымы мен штатына өзгерістер енгізеді, Президент Әкімшілігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ұстемеақылар тағайындейды;

2) Мемлекет басшысының қарауына Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қызметкерлерін қызметке тағайындал, қызметтен босатады, Президент Әкімшілігі кадрларының резервін жасақтайды;

3) Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері туралы, орталық, жергілікті атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың басшыларына қызметтік куәліктерді ресімдеу және беру тәртібі туралы ережелерді, сондай-ақ Президент Әкімшілігі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

4) Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады және бағыттаң отырады;

5) зандардың, Мемлекет басшысы актілерінің орындалуы мен сақталуын,

оның тапсырмаларының орындалуын, Президент Әкімшілігінде құжаттардың отуін бақылау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

6) Республика Президентінің қол қою мен қарауына Парламент қабылдаған зандарды, жарлықтардың, өкімдердің жобаларын және Мемлекет басшысына жолданған басқа құжаттар мен материалдарды ұсынады;

7) Президент Әкімшілігі бойынша бүйректар шығарады және нұсқаулықтарды бекітеді;

8) Президент Әкімшілігінде ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

9) Президент Әкімшілігінің шығыстар сметасын бекітеді және соның шегінде акша қаражатын жұмсайды;

10) қызметтік құжаттамаға қол қояды;

11) Президент Әкімшілігінің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік ықпал ету шараларын қолданады;

12) Президент Әкімшілігінің қызметкерлерін іссапарларға жібереді;

13) нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалар мен тұжырымдамалардың жобаларын әзірлеу үшін жұмыс топтары мен уақытша шығармашылық ұжымдарын құрады;

14) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

15) Президент Әкімшілігінде мемлекеттік қызмет туралы заңның орындалуын бақылайды;

16) тұрақты негізде Президент Әкімшілігінің Парламентпен, оның Палаталарымен, жұмыс органдарымен және аппаратымен; Үкіметпен және оның аппаратымен, министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және өзге орталық атқарушы органдармен; Конституциялық Кеңеспен; Жоғарғы Сотпен; Бас Прокуратуралық қауіпсіздік комитетімен, Мемлекеттік тергеу комитетімен, Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі ұлттық агенттікпен, Республика Президентіне бағынысты және есеп беретін өзге де мемлекеттік органдармен; Ұлттық Банкпен; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен; облыстардың, Республика астанасының және респубикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен және мәслихаттарымен; саяси партияларымен және өзге қоғамдық бірлестіктермен; бұқаралық ақпарат құралдарымен; халықпен байланысын қамтамасыз етеді;

17) Парламенттің және оның Палаталарының ашық және жабық отырыстарына қатысады;

18) Үкіметтің, орталық атқарушы органдардың, Мемлекет басшысына тікелей бағынысты және есеп беретін әрі оның өзі құратын мемлекеттік органдардың, Республика Президенті жанындағы консультативтік кеңесші органдардың отырыстарына қатысады.

3. Президент Әкімшілігінің Басшысы:

1) Мемлекет басшысының кадр саясатын іске асыруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) Үкімет министрліктердегі, мемлекеттік комитеттер мен өзге орталық атқарушы органдардағы басшы лауазымдарға тағайындауға ұсынған кандидатуралардың Мемлекет басшысымен келісуін қамтамасыз етеді.

4. Президент Экімшілігінің Басшысы осы Ережеде көзделген сондай-ақ оған Республика Президенті жүктеген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

23-бап. Президент Экімшілігі Басшысының орынбасарлары

1. Президент Экімшілігі Басшысының орынбасарлары болады, оларды Президент Экімшілігі Басшысының ұсынуы бойынша Мемлекет басшысы қызметке тағайындала, қызметтен босатады.

2. Орынбасарлардың арасында міндеттер бөлуді Президент Экімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

3. Президент Экімшілігінің Басшысы орнында жоқ болған немесе лауазымдық міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда Президент Экімшілігінің Басшысы белгілеген орынбасарларының бірі оның орнын басады.

23-1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері

1. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері мен кеңесшілерін (бұдан байлай - көмекшілер мен кеңесшілер):

1) Мемлекет басшысы қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

2) олар Президент Экімшілігінің құрамына кіреді және оның қызметшілері болып табылады;

3) осы Ережемен, Мемлекет басшысының өзге актілерімен және жекелеген тапсырмаларымен белгіленген құзыреттеріне сәйкес жұмыс істейді.

Көмекшілер мен кеңесшілердің Мемлекет басшысының ұйғаруына қарай штаттан тыс негізде жұмыс істеуі мүмкін.

2. Көмекшілер мен кеңесшілердің негізгі міндеттері:

1) Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету;

2) Мемлекет басшысын елдегі және шетелдегі істің жайы туралы уақтылы және толық хабардар ету болып табылады.

Мемлекет басшысының алдында тұрған міндеттердің кезектілігі мен маңыздылығына қарай Республика Президенті көмекшілер мен кеңесшілерге осы Ережеде көзделгендердегіден ерекшелігі болатын өзге де міндеттер мен өкілеттіктер жүктеуі мүмкін. Бұл ретте Мемлекет басшысы өзінің ұйғаруына қарай көмекшілер мен кеңесшілерінің саны мен қызметінің бағытын өзгертуі тұрады, сондай-ақ олардың жаңында консультанттар болуының қажеттігін айқындайды.

3. Көмекшілер мен кеңесшілер алдарына қойылған міндеттердің шешілуі, Мемлекет басшысы тапсырмаларының уақтылы, сапалы және тыңғышты орындалуы үшін толығымен жауап береді.

Өз жұмыстарының қорытындылары туралы көмекшілер мен кеңесшілер Мемлекет басшысына немесе оның тапсырмасы бойынша Республиканың Мемлекеттік хатшысына, Президент Әкімшілігінің Басшысына үнемі баяндап отырады.

4. Өз құзыреттерінің шегінде көмекшілер мен кеңесшілер:

1) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік лауазымды адамдарының зандарды, Республика Президентінің актілері мен тапсырмаларын сөзсіз әрі тыңғышты сақтауы мен атқаруын бақылауға; Мемлекет басшысы жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіруге; Республика Президентінің беделін қалыптастыруға және оның қызметін бұқаралық ақпарат қуралдары арқылы әйгілеп отыруға қатысады;

2) ақпарат іздестіріп, өндеуді жүзеге асырады және Мемлекет басшысын қажетті ақпараттық-талдау және анықтамалық материалдармен қамтамасыз етеді;

3) республика Президентінің тиісті актілерінің жобаларына визалар қояды;

4) өздерінің атына жіберілген хат-хабарларды, қызмет құжаттары мен азаматтардың арыздарын қарайды, азаматтар қабылдауды жүзеге асырады;

5) ел бойынша іс-сапарға шыққанда Мемлекет басшысына ере жүреді, бұл орайда республика Президенті қатысатын іс-шаралардың ұйымдастырылуын бақылайды, іс-сапар барысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды тіркең отырады, қажеттігіне қарай азаматтарды қабылдауға, олардың арыздарын зерделеуге қатысады.

5. Көмекшілер мен кеңесшілердің қызметін Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы үйлестіріп отырады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін көмекшілер мен

кеңесшілерге Республиканың Мемлекеттік хатшысы, Президент Әкімшілігінің Басшысы Нұсқаулар беруге хақылы.

6. Көмекшілер мен кеңесшілер арасындағы міндеттер бөлісін Мемлекет басшысы бекітеді.

7. Алдарына қойылған міндеттерді шешу үшін көмекшілер мен кеңесшілер сонымен қатар осы Ереженің 8-бабының 2-тармағында және 24-бабының 2-тармағында көзделген өкілеттіктерге ие болады

<*>

Ескерту. Ереже жаңа 23-1-баппен толықтырылды - ҚР Президентінің
1996.06.03. Жарлығымен.

24-бап. Президент Әкімшілігі құрылымдық
бөлімшелерінің басшылары

1. Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерін олардың
басшылары басқарады:

1) оларды Президент Әкімшілігі Басшысының ұсынуы бойынша Мемлекет
басшысы қызметке тағайындалап, қызметтен босатады;

2) олар өздерінің құрылымдық бөлімшелеріне жүктелген міндеттердің
орындалуы, Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларының,
Мемлекеттік хатшы мен Президент Әкімшілігі Басшысы тапсырмаларының
уақтылы және тыңғышты орындалуы үшін жауап береді, қызметкерлер
арасында міндеттерді бөледі, еңбекті ғылыми үйымдастыру мен тиісті еңбек
тәртібін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Президент Әкімшілігінде белгіленген
ережелерге сәйкес іс жүргізуін дұрыс жолға қойылуы үшін жауап береді;

3) Президент Әкімшілігінің Басшысына өздері басқаратын құрылымдық
бөлімшелердің қызметкерлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату
жөнінде ұсыныстар енгізеді.

2. Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

1) мемлекеттік органдардың қарамағындағы кез-келген мәліметтердің
акпараттық банкін пайдалануға;

2) тиісті мемлекеттік көлік құралдарын, байланыс пен коммуникациялар
жүйесін пайдалануға;

3) министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы
органдар, Республика Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін
мемлекеттік органдар алқаларының отырыстарына қатысуға;

4) мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және үйымдармен
Президент Әкімшілігінің қарауына жатқызылған мәселелер жөнінде қызметтік
хат-хабар алысуға;

5) Президент Әкімшілігінің қарауына жатқызылған мәселелерді шешуге
Парламент, Үкімет аппараттарының, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер
мен өзге орталық атқарушы органдардың, жергілікті атқарушы органдардың,
басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ үйымдардың,
ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдерін, ғалымдар мен мамандарды, соның

ішінде шарттық негізде, тартуға;

6) осы Ереженің 19-бабының 1-тармағында көзделген өкілеттікті жүзеге асыруға хақылы.

3. Президент Экімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары осы Ережеде көзделген және оларға Президент Экімшілігінің Басшысы жүктеген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

25-бап. Президент Экімшілігінің қызметкерлері

1. Президент Экімшілігінің қызметшілері, техникалық жұмыскерлері мен қызмет көрсетуші персонал Президент Экімшілігінің қызметкерлері болып табылады.

2. Президент Экімшілігінің қызметшілері:

1) Президент Экімшілігінің алдында тұрған міндеттерді шешу жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік қызметшілер болып табылады;

2) Мемлекет басшысы тағайындастын Президент Экімшілігінің лауазымды адамдарын қоспағанда, оларды Президент Экімшілігінің Басшысы қызметке тағайындалап, қызметтен босатады.

3. Республика Президенті жанындағы консультативтік кеңесші органдар хатшылықтарының қызметшілері:

1) Президент Экімшілігінің қызметшілері болып табылады;

2) оларды Республика Президенті жанындағы консультативтік кеңесші органдар басшыларының ұсынуы бойынша Президент Экімшілігінің Басшысы қызметке тағайындалап, қызметтен босатады.

4. Президент Экімшілігі қызметшілерінің өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде:

1) Үкіметтің, орталық атқарушы органдардың, Мемлекет басшысына тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Республика Президенті жанындағы консультативтік кеңесші органдардың отырыстарына, орталық атқарушы органдар мен әкімдер өткізетін іс-шараларға қатысуға;

2) Парламент аппаратының, Үкімет аппаратының, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерін, ұйымдардың өкілдерін Республика Президенті қараған мәселелерді шешуге қатысу үшін тартуға;

3) белгіленген тәртіппен Президент Экімшілігінің басшы лауазымды адамдарына Үкімет, орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдар, әкімдер мен мемлекеттің өзге де лауазымды адамдарды әзірлеген, тиісті таланттарға жауап бермейтін актілердің жобаларын пысықтау үшін қайтарып беру туралы ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ оларды қарау басқа мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен ұйымдардың құзыретіне кіретін құжаттар мен материалдар қайтаруға;

4) Әкімшілік Басшысының және оның орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының тапсыруы бойынша Президент Әкімшілігінің құзыреті шегінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

5. Президент Әкімшілігі қызметшілерінің мемлекеттік қызмет өткери тәртібін мемлекеттік қызмет туралы заңға сәйкес Президент Әкімшілігі Басшысының ұсынуы бойынша Мемлекет басшысы белгілейді.

6. Президент Әкімшілігінің техникалық жұмыскерлері мен қызмет көрсетуші персоналдың қызметін ұйымдастыру және оның шарттары Президент Әкімшілігі бойынша тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

26-бап. Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері

1. Президент Әкімшілігіне оның қызметінің негізгі бағыттары бойынша жүктелген міндеттерді орындау үшін Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері жасақталады.

2. Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің мәртебесі Республика Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың хатшылықтарына да беріледі.

3. Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері осы Ереженің, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер туралы Президент Әкімшілігінің Басшысы бекітken ережелердің негізінде жұмыс істейді.

IV ТАРАУ

Президент Әкімшілігі мен оның қызметшілерінің

қызметін қамтамасыз ету

27-бап. Президент Әкімшілігінің қызметін қамтамасыз ету

1. Президент Әкімшілігінің қызметін материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді оның тиісті құрылымдық бөлімшесі, ал Президент Әкімшілігінің қызметкерлерін түрғын үймен қамтамасыз етуді, оларға медициналық, көлік қызметін көрсетуді, оларды санаторий-курорттық емдеуді осы тармақта аталған құрылымдық бөлімшениң қатысуымен Президенттің Іс Басқармасы жүзеге асырады.

2. Президент Әкімшілігін арнайы байланыс құралдарымен қамтамасыз етуді Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

28-бап. Президент Әкімшілігінің қызметшілерінің жалақысы

және оларды зейнетақымен қамсыздандыру

1. Президент Әкімшілігі қызметшілерінің жалақысын Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша өзі бекітken қаржыландырудың және қызметкерлердің енбегіне ақы төлеудің Республика мемлекеттік бюджетінің

есебінен ұсталатын барлық органдар үшін бірынғай жүйесіне сәйкес белгілейді.

2. Президент Әкімшілігінің зейнет жасына жеткен қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыру мемлекеттік қызмет және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК